



010000, Нур-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитышпик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

19.08.2021 № 9 г

**Тұрақты комиссияның  
2021 жылғы 19 тамыздағы  
қаулысы**

**Тұрғын үй-азаматтық  
және әлеуметтік  
мақсаттағы ғимараттар  
мен құрылыстарды  
жобалау және салу  
сапасын қамтамасыз ету  
жөніндегі жергілікті  
атқарушы органның  
жұмысы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы жергілікті атқарушы органның тұрғын үй-азаматтық және әлеуметтік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды жобалау және салу сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, төмендегіні атап өтеді.

«Е-лицензиялау» порталы арқылы құрылыс жүргізілетін құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы барлығы 1330 хабарлама қабылданды. Оларға: көп пәтерлі тұрғын үй кешендері – 361, тұрғын/тұрғын емес үй-жайларды қайта жоспарлау және қайта жабдықтау - 172; инженерлік желілер – 218; абағтандыру объектілері (саябақтар, скверлер) - 7; автомобиль жолдары және т/ж жолдары - 38; ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау және күрделі жөндеу – 184; әкімшілік объектілер - 47; өндірістік объектілер - 163; басқа объектілер (әскери қалашық, сауда-ойын-сауық орталықтары, мейрамханалар) - 240.

Техникалық қадағалау хаттарының негізінде, жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне тексерулер жүргізіледі.

Тексеру нәтижелері бойынша 2021 жылы 40 млн.765 мың теңге сомасына 134 бақылау субъектісі жауапкершілікке тартылды, оның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындаудағы бұзушылықтар үшін 23 субъект (15 мердігерлік ұйым, инжинирингтік қызметтер мен сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын 7 сарапшы).

Құқық бұзушыларға айыппұл санкцияларынан басқа, лицензия мен сарапшының аттестаттарын тоқтата тұру түріндегі шаралар қосымша қолданылатынын атап өткен жөн.

Сапасыз әзірленген жобалау-сметалық құжаттама және сараптаманың оң қорытындысының болмауы құрылыс сапасының нашарлау факторларының бірі болып табылады.

Әзірленіп жатқан жобалардың сапасын арттыру мақсатында жобалау құжаттамасына мемлекеттік сараптама жүргізу бойынша монополист болып табылатын «Мемсараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорны жобаларды әзірлеу кезінде заңнаманың бұзылуына жол берген жобалау компаниялары бойынша мәліметтер жібереді.

Ағымдағы жылы «Мемсараптама» РМҚ келіп түскен материалдардың негізінде 8 жобалау ұйымы және 1 сарапшы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Шағын бизнес және микрокәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулерге мораторийдің күшіне енуіне байланысты ұқсас кезеңмен салыстырғанда жоспардан тыс тексерулер санының 70% - ға төмендегені байқалады. Алайда, халықтың өмірі мен денсаулығына жаппай ықтимал қауіп төндіретін бұзушылықтарды болдырмау және жою үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулер жүргізуге мораторийдің қолданылу кезеңінде қала әкімінің шешімі негізінде 41 шағын кәсіпкерлік субъектісіне қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізілді.

Бақылау субъектілері өрескел бұзушылықтарға жол берген, сондай-ақ оларды жоймаған жағдайларда сотқа талап арыз беруге бастамашылық жасалады. 2021 жылдың өткен кезеңінде сапасыз және заңсыз құрылыс фактілері бойынша сот 16 талап арызды қанағаттандырды.

Құрылыс салушылардың атына құрылыс-монтаждау жұмыстары барысында бұзушылықтарға жол бермеу туралы тұрақты негізде хабарламалар жолданады.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй-азаматтық және әлеуметтік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды жобалау және салу кезінде бірқатар кемшіліктерден бар екенін атап өтті

«Komek» қызметінің ақпараты бойынша ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап 2 682 шағым келіп түскен, оның ішінде құрылыс салушыларға - 963, сыртқы әрлеуге - 875, авариялық, иесіз, ескі ғимараттарға - 309 шағым.

Сонымен қатар, отырысқа дайындық мақсатында депутаттар Қошқарбаев даңғылы, 43 үй мекенжайы бойынша орналасқан көппәтерлі тұрғын үй кешеніне және Дауылпаз көшесі, 1/1 мекенжайы бойынша орналасқан № 92 мектеп-лицейге барды.

Көппәтерлі тұрғын үй кешеніндегі пәтерлер әкімдікте тұрғын үй кезегінде тұрған тұлғалар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілген. Аралау барысында бірқатар, соның ішінде үй тұрғындарының келесі шағымдары негізінде кемшіліктер анықталды:

- 1) үйдің айналасы абаттандырылмаған және көгалдандырылмаған;

- 2) сыртқы инженерлік желілер теңгерімге берілмеген;
- 3) паркинг ЛРТ ЖШС жалға берілмеген және жұмыс істемейді;
- 4) тұрғындарда «Астанаэнергосбыт» ЖШС және «Астана су арнасы» МКК келісімшарттары жоқ, су және электр есептегіштері пломбаланбаған және пайдалануға берілмеген;
- 5) жүріп-тұруы шектеулі тұрғындар үшін лифт жарамсыз күйде;
- 6) қоқыс контейнерлеріне арналған алаң жайластырылмаған;
- 7) тиек арматурасы ақаулы күйде, бұл ішкі жылыту жүйесінің бұзылу қаупіне әкеп соғады;
- 8) өртке қарсы жүйе бойынша жұмыс аяқталмаған.

Отырыс барысында салынып жатқан объектілерге коммуникациялық желілер алдын ала жүргізілмейтіні, электр монтаждау жұмыстары бойынша бірыңғай мердігер анықталмағаны атап өтілді, бұл құрылыс мерзімін ұзартады және сапаға теріс әсер етеді.

Жаңа мектептерді жабдықтармен жарақтандырудың төмен деңгейі байқалады, өйткені жабдық қазіргі заманғы білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, құрылыс нормалары мен қағидаларына өзгерістер енгізу талап етіледі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Тұрғын үй-азаматтық және әлеуметтік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды жобалау және салу сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс туралы жергілікті атқарушы органның аппараты назарға алынсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» ММ ұсынылсын:

Қошқарбаев даңғылы, 43 және 43/2 мекенжайында орналасқан көппәтерлі тұрғын үй кешендерін аралау кезінде анықталған ескертулерді жою бойынша жұмыстардың аяқталу мерзімдерін көрсете отырып, жұмыс кестесін ұсыну;

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ ұсынылсын:

С-409 көшесіндегі 43, 45, 47 үйлерде жөндеу жұмыстарын жүргізу тетігін әзірлеу;

құрылыстың әрбір объектісінде электр монтаждау жұмыстары бойынша бірыңғай мердігерді айқындау бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау;

коммуникациялық желілерді уақтылы жүргізу бөлігінде объектілер құрылысының қолданыстағы тетігін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу;

тұрғын үй-азаматтық және әлеуметтік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды жобалау және салу саласындағы өз бағыттары бойынша орталық деңгейдегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

бағдарламалар, орындаушылар, іске асыру мерзімдері, проблемалық мәселелер және т.б. бөлімінде 10 000 пәтер құрылысы бойынша Жол картасының орындалуы туралы ақпарат ұсыну.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» ММ мен «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ бірлесіп ұсынылсын:

салынып жатқан мектептерді жабдықтармен жарақтандыруды жақсарту бөлігінде құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау.

5. Осы қаулының орындалуы туралы ақпаратты қалалық мәслихатқа екі апта мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
құрылыс, экология, көлік, сауда және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  
мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



**Б. Котырев**